

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АГАРТУ МИНИСТРЛІГІ
БАЛАЛАРДЫ ЕРТЕ ДАМЫТУ ИНСТИТУТЫ



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ
ҰЙЫМДАРЫ МЕН МЕКТЕПАЛДЫ СЫНЫПТАРЫНДА
2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНДА ТӘРБИЕЛЕУ- БІЛІМ БЕРУ
ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ**

ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ ХАТ

ИНСТРУКТИВНО-МЕТОДИЧЕСКОЕ ПИСЬМО

**ОБ ОРГАНИЗАЦИИ
ВОСПИТАТЕЛЬНО-ОБРАЗОВАТЕЛЬНОГО ПРОЦЕССА
В ДОШКОЛЬНЫХ ОРГАНИЗАЦИЯХ И ПРЕДШКОЛЬНЫХ
КЛАССАХ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
на 2022-2023 учебный год**

Нұр-Сұлтан, 2022 жыл

«Балаларды ерте дамыту институтының» Ғылыми-әдістемелік кеңесінің шешімімен ұсынылады (2022 жылғы 26 шілдедегі №7 хаттама).

Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі үйымдары мен мектеп алды даярлық сыныптарында 2022-2023 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін үйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хат – Нұр-Сұлтан қ. 2022ж.– 32 бет.

Әдістемелік нұсқау хат 2022-2023 оқу жылында меншік түрі мен нысанына қарамастан білім беру үйымдарының басшыларына, педагогтеріне тәрбиелеу-білім беру процесін үйымдастыруды әдістемелік көмек көрсетуге арналған.

«Балаларды ерте дамыту институты», 2022 ж.

Мазмұны

Kіріспе	5
1 Нормативті құқықтық қамтамасыз ету	8
2 Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері	10
3 Заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны ұйымдастыруға қойылатын талаптар	24
4 Мектепке дейінгі ұйым мен мектепалды даярлық сыныбының педагогіне қойылатын талаптар	25
5 Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту жүйесін әдістемелік қамтамасыз ету	27

Косымша

<i>Перспективалық жоспар үлгісі</i>	29
<i>Циклограмма үлгісі</i>	30
<i>Баланың жеке даму картасының үлгісі</i>	32

КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысымен Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі (бұдан әрі – Модель) бекітілді. Осы аталған Моделдің басты міндеттерінің бірі инклузивті білім беруді қоса алғанда, оқу жоспарлары мен бағдарламаларының икемділігін қамтамасыз ету арқылы педагогикалық процесті ғылыми негізде жетілдіру жолымен мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың мазмұнын өзгертуге жағдай жасау. Сондай-ақ Модельдің 21-тармағында оны іске асыру мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту саласында ғылыми зерттеулер жүргізіп, білім беру қызметтерінің сапасын, даму жағдайларын жақсарту және арттыру бойынша ұсынымдар өзірленгенен кейін ілеспе нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер енгізуі көздейтіні нақты міндет ретінде айқындалған. Осыған байланысты еліміздің мектепке дейінгі ұйымдарында ауқымды зерттеулер жүргізілді. Зерттеу жасау үшін кездейсоқ таңдау әдісімен барлық өнірлерден меншік түрі мен нысанына қарамастан мектепке дейінгі ұйымдар (жеке және мемлекеттік, қалалық және ауылдық) қамтылды және сертификатталған сарапшылар ECERS-3 шкаласының көмегімен бақылаулар жүргізді.

Жүргілген зерттеу бойынша мынадай нәтижелер айқындалды:

- «Заттық-кеңістіктік орта» көрсеткіші бойынша мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтері заттық-кеңістіктік ортаны білім беру элементі ретінде қарастырмауы және оның мүмкіндіктерін барынша қолданбауы;
- «Ойын алаңын ұйымдастыру» көрсеткіші бойынша кеңістікті аймақтарға бөлудің болмауы, балаларды ерте дамыту үшін қызығушылық орталықтарының болмауы немесе олардың талапқа сай ұйымдастырылмауы;

«Балалардың сөздік қорын кеңейтуге көмектесу» көрсеткіші бойынша педагогтер балалардың сөздік қорын байытуға тек ұйымдастырылған оқу қызметі барысында ғана (режим сәттері мен еркін ойын кезінде емес) көніл бөлөтіндігі немесе онда қолданылатын сөздердің қарапайым, күнделікті өмірде жиі қолданылатын сөздерден тұратындығы;

«Балаларды қарым-қатынасқа баулу» көрсеткіші бойынша педагогтердің балалардың сөйлеуге деген құштарлығын оятудың және балалардың жеке қарым-қатынас жасау қабілетін арттырудың орнына көбінесе балалардың үнін елемейтіні, сонымен қатар педагогтер тарапынан балалардың жасына сәйкес келмейтін немесе балаларды қызықтырмайтын сұрақтар жиі қойылатындығы;

«Балалармен жұмыс кезінде қызметкерлердің кітапты пайдалануы» көрсеткіші бойынша кітаптарды бақылау кезінде мүлде қолданбауы, ал «Балаларды кітап қолдануға баулу» көрсеткіші бойынша балаларға арналған жұмсақ ыңғайлышы бүрышы бар кітап оқу үшін арнайы ұйымдастырылған орынның болмауы немесе болған жағдайда кітаптардың қолжетімді болмауы;

«Өнер» көрсеткіші бойынша мектепке дейінгі ұйымдарда бейнелеу әрекетіне тиісті жағдай жасалмағандығы, құралдардың бала санына

жеткіліксіздігі, суретті тек педагог өзі дайындаған үлгі бойынша ғана салдыру, баланың қалағанын салу мүмкіндігі қарастырылмауы, ойдан салуға және баланың жеке көзқарасына педагог тарарапынан қолдау көрсетілмеуі;

«Музыка/қозғалыс» көрсеткіші бойынша балалардың музыканы тындау, және әр түрлі құмылдар жасау мүмкіндігі болғанымен, музыкалық аспаптардың қолжетімсіздігі немесе өз бетінше қолдану тәжірибесінің болмауы;

«Рөлдік ойындар» көрсеткіші бойынша мектепке дейінгі үйымдардың көпшілігінде рөлдік ойындарға арналған материалдар, ауыстыратын киімдер, арнайы ойыншықтардың, күрделі рөлдік ойындарды ойнауға материал мен уақыттың жеткіліксіздігі;

«Табиғат/ғылым» көрсеткіші бойынша топтарда табиғи материалдардың болмауы, болған жағдайда саны шектеулі болуы, ойыншықтарымен құм/судың болмауы, педагогтердің балалармен табиғат туралы, соның ішінде ауа-райы мен жыл мезгілдері туралы әнгіме айтуымен ғана шектелуі;

«Математика және математикалық іс-әрекеттерді орындауға арналған материалдар» көрсеткіші бойынша математика сабактарында материалдардың жеткіліксіздігі, үйымдастырылған іс-әрекеттердің көпшілігінің балаларды қызықтырылауы, балалар сәйкес материалдармен ойнап жатқанда осыған байланысты математика бойынша сұрақтар қойылмауы;

«Персонал мен балалардың өзара әрекеті» көрсеткіші бойынша қызметкерлер мен балалар арасында жағымды қарым-қатынас тек үйымдастырылған әрекет барысында және барлық топпен ғана шектелді, қызметкерлердің балалардың әнгімелерін және олардың қарым-қатынасқа түсуге үмтүлісін қолдауы болмауы;

«Балалардың бір-бірімен қарым-қатынасы және тәртібі» көрсеткіші бойынша үйымдастырылған оқу қызметінің санының көп болуына байланысты балалардың күндізгі уақытта бір-бірімен араласу мүмкіндігінің болмауы, бақылау барысында педагогтердің балалар арасындағы кикілжінде қалай әрекет ету керектігін және туындастырылған кикілжіндерді шешуге балалармен келіссөздер жүргізуге және оны шешуге қалай көмектесу керектігін білмейтіндігі;

«Әрекеттің ауысуы және күту мерзімі» көрсеткіші бойынша көбінесе балалардың жасы мен мүмкіндіктеріне сәйкес келмейтін үндемей отырып, ұзақ күту сияқты талаптардың қойылуы;

«Еркін ойын» көрсеткіші бойынша бақылау барысында еркін ойын мектеп жасына дейінгі балаларға жеткіліксіз немесе жоқ екендігі, сондай-ақ педагогтердің балалармен өзара әрекет ету және үйрету үшін еркін ойын мүмкіндіктерін пайдаланбайтыны, еркін ойын болған жағдайда педагогтердің ойынға қосылмауы, өзін алшақ ұстауы;

«Топтық сабактар және оқыту» көрсеткіші бойынша топтық іс-әрекеттер мазмұнының балалардың даму деңгейіне тым қарапайым болуы, педагогтің сабактың тақырыбын балалардың өмірімен және олардың тәжірибесімен сирек байланыстыруы, көбінесе оқыту мен балалардың тәжірибесінің байланыспауы айқындалды.

Жүргізілген зерттеу нәтижелері бойынша мектепке дейінгі білім беру қызметтерінің сапасын арттыру мен жақсарту бойынша ұсынымдар әзірленіп, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды реттейтін нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында және мектепалды даярлық сыйыптарында 2022-2023 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хат Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» Зандары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделі негізінде әзірленген.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мақсаты әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу.

Әдістемелік нұсқау хатта 2022-2023 оқу жылындағы негізгі міндеттер белгіленген, ол мына да багыттарды қамтиды:

- әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлыш дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын, оның ішінде инклюзивті орта құру;
- балалардың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сұру дағдыларын қалыптастыру;
- тәрбиеленушілердің қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, эмоционалдық, әлеуметтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастыру;
- Отанды, ана тілін сүюге, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу;
- баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығын қалыптастыру және тең бастапқы мүмкіндіктер беру.

Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда педагогтерге келесі қағидаларды назарда ұсташа ұсынылады:

- ойын арқылы оқыту;
- түрлі балалар әрекетін ұйымдастыру арқылы (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) балаларды дамыту.

Әдістемелік нұсқау хат қосымшасы перспективалық жоспар, циклограмма үлгісін, баланың жеке даму картасының үлгісін қамтиды.

Әдістемелік нұсқау хат жыл бойы www.irrd.kz сайтында қолжетімді болады.

1. НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ



Мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды даярлық сыныптары өз қызметінде мынадай нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алады:

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>

«Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000293>

«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345>

«Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000306>

«Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000343>

Мектепке дейінгі тәрбиелу мен оқытуды дамыту моделі <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000137>

«Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбілер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100023469>

«Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017669>

Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1200008275>

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600014235> Тиісті

үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017657> Білім

беру қызметтерін көрсетудің үлгілік шартының нысандары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013227> Мемлекеттік

білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P080000077> Педагог

қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V090005750>

Жабдықтармен және жиһазбен жарактандыру нормалары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013272>

Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1700015584>

Мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарын бейнебақылау жүйелерімен

жарактау стандарттары және оларға қойылатын талаптар
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1900018239>

Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидалары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020883>

Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесі
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020708>

2. ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРИ

Мектепке дейінгі ұйымдар тәрбиелеу-білім беру қызметін:

1) «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бүйрығымен бекітілген (бұдан әрі – Стандарт) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына;

2) «Тиісті ұлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің ұлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандығы № 595 бүйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17657 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің ұлгілік қағидаларына;

3) «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың ұлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бүйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың ұлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – Үлгілік оқу жоспарлары);

4) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың ұлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндеттін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бүйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың ұлгілік оқу бағдарламасына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік оқу бағдарламасы);

5) мектепке дейінгі ұйымдар үшін әзірленген, өңірлік әдістемелік орталықтың ғылыми кеңесінде бекітілген және қолдануға ұсынылған білім беру бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырады.

Тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын жан-жақты дамыту мына бағыттар бойынша:

- физикалық дамыту;
- коммуникативтік дағдыларды дамыту;
- танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту;
- шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту;
- әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асырылады.

Физикалық даму, балалардың коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-

эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру келесі ұйымдастырылған іс-әрекеттерді кіркітіру арқылы жүзеге асырылады:

- 1) дene шынықтыру (ерекше тәрбиеленушілер үшін бейімделген дene шынықтыру);
- 2) жүзу (жүзу бассейні болған кезде);
- 3) сөйлеуді дамыту;
- 4) көркем әдебиет;
- 5) саят ашу негіздері;
- 6) қазақ тілі (оқыту басқа тілде жүргізілетін топтарда);
- 7) сенсорика;
- 8) математика негіздері;
- 9) құрастыру;
- 10) қоршаған ортамен таныстыру;
- 11) сурет салу;
- 12) мусіндеу;
- 13) жапсыру;
- 14) музика.

Стандарт талаптарына сәйкес әзірленген Үлгілік оқу жоспарларында балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес кіркітілген ұйымдастырылған іс-әрекеттер берілді.

Ұйымдастырылған іс-әрекет - Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, соның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспенешілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінездүлханалық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (оійн, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын іс-әрекет.

Физикалық дамыту физикалық дені сау баланы тәрбиелеуді, өз денсаулығына саналы түрде қарауды, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сұру дағдыларын қалыптастыруды қарастырады.

«Дене шынықтыру» ұйымдастырылған іс-әрекеті аптасына үш рет дene шынықтыру нұсқауышысымен мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес жүргізіледі.

Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді, ол қимыл белсенділігі, денешынықтыру-сауықтыру шаралары (таңертеңгі жаттығу, сергіту сәті, шынықтыру шаралары), мәдени-гигиеналық дағдылар, ойын әрекеті, дербес белсенді және т.б. әрекеттер арқылы күн тәртібіне сәйкес ұйымдастырылады.

Балалардың дене белсенділігін арттыру үшін қымылды ойындарға соның ішінде ұлттық қымылды ойындарға басымдық беру және балалардың дербес қымылды әрекетін таңертен, таңғы астан соң, серуен кездерінде, ұйқыдан соң өткізу ұсынылады.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ауызекі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастыруды, өмірде әртүрлі жағдайлардағы қарым-қатынас дағдыларын меңгертуді, қолдың ұсақ моторикасын және командада жұмыс істей дағдыларын дамытуды қарастырады.

Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі (мектепке дейінгі ұйым кестесіне сәйкес аптасына ортанғы және ересек топта бір рет, мектепалды топта 2 рет) ұйымдастырылған іс-әрекеті қарым-қатынас, заттық әрекет, ойын әрекеті, еңбек әрекеті, бейнелеу, шығармашылық әрекет (балаларға кітап оқып беру, кітаптарды, иллюстрацияларды қарау) театрландырылған, дербес және басқа да әрекет түрлері арқылы күн сайын күн тәртібіне сәйкес ұйымдастырылады.

Балалардың сөйлеуін тек ұйымдастырылған іс-әрекеттерде ғана емес, күні бойы режимдік сәттерде, еркін ойын кезінде оларға түрлі сұрақтар қою (сұрақтарды қойғанда «иә» немесе «жоқ» деп жауап беретін жалпы сұрақтар немесе барлығы қосылып жауабын бірге айтуда арналған сұрақтар емес, әрбір бала жеке жауап бере алатындей сұрақтар) арқылы, балаларды көбірек сөйлесуге, бір-бірімен қарым-қатынас жасауға, олармен кез-келген мәселе бойынша әңгімелесіп, олардың пікірін тыңдау және т.б. арқылы дамыту ұсынылады.

Ортаңғы топтан бастап мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту ұсынылады.

Күн сайын балаларға кітаптарды оқып беру, балалардың оқылған, тыңдалған шығармалардан әсер алуына ықпал ету, балалардың жасына сәйкес тақпактарды, өлеңдерді жаттату, кітаптардағы иллюстрацияларды көрсету және оларға түсініктеме беру, балалардың ойларын тыңдау, балаларға қызықты кітаптарды тандау, ол үшін топта немесе мектепке дейінгі ұйымда балаларға арналған кітаптардан, сондай-ақ балаларға арналған аудио шығармалардан кітап бұрышын ұйымдастыруға болады. Балалардың өз бетінше, балалармен бірлесіп кітаптарды қарауына, тыңдалған шығармалардағы кейіпкерлердің әрекетін ойында қайталауға немесе ойдан кейіпкердің рөлін өзінше сомдауға және т.б. мүмкіндік беріледі.

○ **Тиімді ұсныс**



- **кітап бұрышын жасау**
- **толықтыруға ата-аналарды тарту**
- **кітапты уақытша пайдалануга үйге беру**
- **ұйымдастырылған кітап бұрышын ата-аналардың балалармен бірге қолдануына жағдай жасау**

Балалардың мектепте оқуға дайындығын қамтамасыз ету үшін мектеп алды да ярлық тобында Сауат ашу негіздері аптасына екі рет өткізіледі.

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту тәрбиеленушілердің қоршаған әлеммен өзара қарым-қатынас жасаудың қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын менгертуді қарастырады.

Бөбек жасы балалары үшін сенсорика бойынша заттарды, ойыншықтарды өз бетінше зерттеуіне көніл бөлінеді, олардың түсін, пішінін, көлемін ажыратып, салыстыруға баулу көзделеді. Баланың затты немесе ойыншықты ұстап көріп, зерттеп, өздігінен тәжірибе жинақтаудың басымдық беру ұсынылатын болғандықтан, педагог ауызша сөзбен айттып түсіндіруді барынша жетекші сұрақтарды жиі қолдану тәсіліне қарай бағыттағаны дұрыс болады.

Мектеп жасына дейінгі балалар үшін математика негіздерін күн сайын дидактикалық ойындар, танымдық әңгімелер, бейнелеу және құрастыру әрекеті, эксперимент жасау, математикалық мазмұндағы театрландырылған әрекет, әңгіме, дербес және басқа да әрекеттер арқылы ойын түрінде ұйымдастыруға болады. Мұнда ұйымдастырылған іс-әрекет барысында берілген ұғым, түсініктерді (заттардың түсі, көлемі, пішіні, саны, кеңістікте орналасуы және т.б.) еркін ойында және режимдік сәттерде балалардың жасына сәйкес бекіту, ол үшін сәйкес сұрақтар қойып, балалардың жеке жауаптарын тындау, балалардың математика терминдерін қолданып жауап беруіне, заттарға өз бетінше зерттеу жүргізуіне игерген дағдыларын қолдануына мән беру ұсынылады.

Коршаған ортамен танысу күн сайын объектілер мен заттарды бақылау (тірі және өлі табиғат) зерттеу, материалдармен эксперимент жасау, педагогтің сәйкес ақпаратты оқып беруі, кітаптарды және иллюстрацияларды қарастыру, әңгімелесу, қарым-қатынас, ойын әрекеті арқылы іске асырылады. Мұнда балалардың заттарды қолмен ұстап, зерттеуі, олардың қасиеттеріне талдау жасауды, заттарды қолдануды, туындаған сұрақтарға жауап беруі, өз бетінше

сұрақтардың жауабын іздеуі мен табуы, алынған дағдыларды ойында қолдана алуы маңызды.



Қоршаған ортамен танысу баланың «Мен» бейнесінің пайда болуына барынша ықпал етеді. Сол себепті отбасы, түрлі мамандықтар, ересектердің еңбегі, туған жер, Отан, отан қорғаушылар туралы және т.б. түсініктер мен дағдыларын, патриоттық сезімін қалыптастыру үшін балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтары, отбасылық құндылықтар арқылы тәрбиелеуге басымдық беру көзделеді.

Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру күн сайын тек ұйымдастырылған іс-әрекеттерінде ғана емес, сондай-ақ балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, басқа уақытта да ұйымдастырылады және бірнеше жұмыс түрі қатар жүруі мүмкін немесе көпшілігінің қалауы бойынша барлығы бір жұмыс турімен айналысуына болады.

Балалар айналадағы болып жатқан оқиғаларды ой елегінен өткізіп, тәжірибе жинақтауы және дағдыларды игеруі үшін олардың қиялын дамыту, шығармашылық қабілеттерін ашу ұсынылады, ол үшін балаларға жұмыс жасауға дайын ұлгі беруді жиі қолданбау, бейнелеу құралдарын қолданып, бейнерлерді, құрастыруларды өзбетінше жасауға ынталандыру, оларға еркіндік беру, тапсырманы шығармашылықпен орындауға баулу.

«Музыка» ұйымдастырылған іс-әрекеті ерте, кіші, ортаңғы топтарда аптасына бір рет, ересек және мектепалды даярлық топтары мен сыныптарында аптасына екі рет музыка жетекшісімен мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес жүргізіледі.

Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы музыканы тындау, ән айту, әндерді жаттату, импровизация, ырғакты-музыкалық қимылдар, балалар музыка аспаптарында ойнау және басқа да музыкалық әрекеттерге уақыт бөлінеді.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті стандарты мен Үлгілік оқу жоспарына сәйкес Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнында:

- 1) тәрбиелеу-білім беру процесінің міндеттерін іске асыру;
- 2) ұйымдастырылған іс-әрекеттің мазмұны;
- 3) білім беру іс-әрекетін тиімді кіріктіру;
- 4) сабактастық принциптерін, тәрбие мен оқытудың үздіксіздігін қамтамасыз ету;
- 5) ұйымдастырылған іс-әрекеттің күтілетін нәтижелері қарастырылатын болады.

«Жаратылыстану» үйымдастырылған оқу қызметінің міндеттері «Қоршаған ортамен танысу» үйымдастырылған іс-әрекетімен кіріктіріліп, шешілетін болады.

Тәрбиелеу-білім беру процесі



Tәрбиелеу-білім беру процесі:

- перспективалық жоспарға (2-қосымша);
- циклограммаға (3-қосымша);
- бала дамуының мониторингі арқылы іске асырылады.

Перспективалық жоспарды үйымдастырылған іс-әрекеттер бойынша тәрбиешілер, жас тобында жұмыс істейтін педагогтер (қазақ тілі мұғалімі, дене шынықтыру (жүзу) нұсқаушысы, музикалық жетекшісі) оқу жылы басталғанға дейін жылына бір рет жасайды. Перспективалық жоспарда әрбір үйымдастырылған іс-әрекеттердің Үлгілік оқу бағдарламасы негізінде бір айға міндеттері айқындалады.

Циклограмманың үйымдастырылған іс-әрекет бөлімінде мектепке дейінгі үйымның кестесіне сәйкес жүргізілетін денешынықтыру, қазақ тілі, сауат ашу негіздері және музика үйымдастырылған іс-әрекеттері толтырылады. Бұдан басқа үйымдастырылған іс-әрекеттер түрлі балалар әрекеттері арқылы күні бойы күн тәртібіне сәйкес толтырылады және іске асырылады.

Циклограмма әр аптаға құрылады, ол балаларды қабылдаудан бастап, түрлі балалар әрекеттерін, серуенді өткізуді, күндізгі үйқыны үйымдастыруды, яғни балалардың үйге қайтуына дейін күн тәртібінің орындалуын қамтамасыз етеді.

Циклограмманың құрылымы **күн тәртібіне** сәйкес құрылады.

Циклограмманы жоспарлауға қойылатын талаптар:

- аптаның әрбір күніне Перспективалық жоспардағы үйымдастырылған іс-әрекеттердің міндеттеріне сәйкес балалармен өткізілетін әрекет түрлерін анықтау;
- әрбір әрекет түрлерін өткізуде бағдарлама мазмұнын жүйелілік пен сабактастық қағидасын сақтай отырып беру;
- балаларды тәрбиелеу мен оқытуда инновациялық технологияларды, әдістер мен тәсілдерді қолдану;
- әрбір балалар әрекетін үйымдастыру үшін жайлы заттық дамытушы ортаны (орталықтарға бөлу және оның балаларға қолжетімді болуын қарастыру, оның мүмкіндіктерін барынша қолдану) құру.

Педагогтің міндеті – өзінің түсіндіруіне көп уақыт бөлмей, балаларды шаршатпай, жалықтырмай, түсіндіруді балалардың өзбетінше ой елегінен өткізіп, сұрақтарға жауап табуына, қолмен жасап, зерттеп, шешім шыгаруына мүмкіндік беру. Ол үшін балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, ойын түрінде түрлі балалар әрекеттерін (*ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес*) ұйымдастыру. Баланы өзінің әлем туралы түсінігін құру құқығы мен мүмкіндігі бар және өз бетінше үйренуге белсенді қатысуши ретінде қабылдау.

Балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруда баланың ынтасын, пікірін және тілегін ескере отырып, ойын түрінде, барлық балалармен бір уақытта ғана емес, сонымен қатар шағын топтармен өткізу, балалар әрекетінің бірнеше түрі қатар ұйымдастырылған жағдайда балаларға аталған әрекеттердің бір түрінен өзін қызықтыратын басқа екінші әрекетке ауысуға рұқсат ету, қызығып орындалған баланы басқа балалармен бірге еріксіз келесі әрекетке көшірмеу үсынылады.

Сондай-ақ, ұйымдастырған іс-әрекеттерді, түрлі балалар әрекеттерін тек топ бөлмесінде үстінде ғана емес, серуенде, ойын алаңында және т.б. балалар үшін жайлы жағдайларда қуннің бірінші және екінші жартысында өткізуге болады.

Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру және өткізу кезінде тәрбиеленушілердің қызығушылықтары, қажеттіліктері, жас және жеке ерекшеліктері ескеріледі.

Ерекше және мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеу және оқыту кезінде баланың білім алу қажеттіліктеріне сәйкес ұлгілік оқу, арнайы, жеке/бейімделген білім беру бағдарламалары қолданылады.

Мектепке дейінгі ұйымның білім беру процесінің тиімділігі, сондай-ақ баланың даму динамикасы туралы ақпарат алу үшін диагностика негізінде Ұлгілік бағдарламаның мазмұнын менгеру бойынша мониторинг жүргізіледі (бастапқы қыркүйекте аралық-қаңтарда және қорытынды-мамыр айында).

Мониторингтің мақсаты:

- баланың жетістіктерін қадағалау;
- балаларды тәрбиелеу мен дамытуда жеке тәсілдерді қамтамасыз ету;
- түзету іс-шараларын жедел жоспарлау негізінде білім беру процесін жетілдіру;
- баланың Ұлгілік бағдарлама мазмұнын менгеру деңгейін анықтау.

Нәтижелер «Бақылау парағында» толтырылады. Алынған мәліметтер негізінде топтағы әрбір балаға Баланың жеке даму картасы толтырылады (4-қосымша). Мониторинг нәтижелері бойынша даму деңгейлері I, II деңгейдегі балалармен қосымша жеке жұмыстар жүргізіледі. Баланың жеке даму картасының «Дамыту, түзету іс-шаралары» бөлімінде мониторинг нәтижелері бойынша балалармен жұмыс істейтін педагогтер мен мамандар баланы одан әрі дамыту іс-шараларын толтырады.

Педагогикалық диагностиканы тәрбиеші басқа да педагогикалық қызметкерлермен тығыз ынтымақтастықта жүзеге асырады.



Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес мектепке дейінгі ұйымдар өз қызметін келесі кезендер бойынша ұйымдастырады:

- 1) **1 қыркүйек пен 31 мамыр аралығында – оқу жылы (Үлгілік бағдарламаның мазмұнын менгеру кезені);**
- 2) **1 маусым мен 31 тамыз аралығында – жазғы сауықтыру кезені;**

Сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдар **мынадай негізгі міндеттерді** атқарады:

- 1) балалардың өмірін және денсаулығын қорғау;
- 2) тәрбиеленушілердің дене, зияткерлік және жеке тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін оңтайлы жағдайлар жасау;
- 3) сапалы мектепалды даярлауды қамтамасыз ету;
- 4) азаматтылықты, қазақстандық патриотизмді, адам құқығы мен бостандықтарын құрметтеуді, қоршаған табиғатқа, Отанға, отбасына деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу;
- 5) баланың толыққанды дамуын қамтамасыз ету үшін отбасымен өзара қимыл жасау;
- 6) ата-аналарға балаларды тәрбиелеу, оқыту, дамыту және денсаулығын қорғау бойынша консультативтік және әдістемелік көмек көрсету болып табылады.

Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту

Жас кезендері мынадай:

- 1) бөбек жасы – 0 (жана туған балалар) – 2 жастағы балалар;
- 2) мектепке дейінгі жас – 3-5 жастағы балалар.

Жас топтары балалардың күнтізбелік жылдағы толық жасын ескере отырып, оқу жылышында басында жасақталады:

- ерте жас тобы – 1 жастағы балалар;
кіші топ – 2 жастағы балалар;
ортанғы топ – 3 жастағы балалар;
ересек топ – 4 жастағы балалар;
мектепалды топ, мектептегі (лицейдегі, гимназиядағы) мектепалды сынып – 5 жастағы балалар.

Мектепалды даярлық сынныптары

5 жастағы балаларды мектепалды даярлау міндетті және отбасында, мектепке дейінгі ұйымдардың мектепалды даярлық топтарында, жалпы білім

беретін мектептердің, лицейлердің және гимназиялардың мектепалды сыныптарында жүзеге асырылады («Білім туралы» КР Заны 30-бап).

Мектепалды даярлықтың негізгі міндеттері:

- балаларда оқу әрекетінің ұйымдастырылған мінез-құлқының дағдыларын қалыптастыру (тәнімдыш белсенділік, шығармашылық);
- мектепке оқу үшін қажетті болашақ бірінші сынып оқушысының жеке қасиеттерін қалыптастыру (жауапкершілік, зейінділік, дербестік, ынталық);
- ұжымдық әрекетте бірлесіп әрекет ету дағдыларына тәрбиелеу (құрдастарына көмек көрсету, жұмыс нәтижелерін бағалау және т. б.);
- балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, мектепке дейінгі ұйымнан мектепке көшу кезінде сабактастықты және табысты бейімделуді қамтамасыз ету;
- баланың мектепке эмоционалды-оң көзқарасын, окуға деген ынтасын дамыту.

Мектепалды сыныптары тәрбиелеу-білім беру қызметін:

1) «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бүйрүғымен бекітілген (бұдан әрі – Стандарт) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына;

2) «Тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бүйрүғымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17657 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына;

3) «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бүйрүғымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – Үлгілік оқу жоспарлары);

4) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндеттін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бүйрүғымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік оқу бағдарламасы) сәйкес жүзеге асырады.

Тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын жан-жақты дамыту мына бағыттар бойынша:

- физикалық дамыту;
- коммуникативтік дағдыларды дамыту;
- танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту;
- шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту;
- әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асырылады.

Физикалық даму, балалардың коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру келесі ұйымдастырылған іс-әрекеттерді кіріктіру арқылы жүзеге асырылады:

- 1) дene шынықтыру (ерекше тәрбиеленушілер үшін бейімделген дene шынықтыру);
- 2) жүзу (жүзу бассейні болған кездे);
- 3) сөйлеуді дамыту;
- 4) көркем әдебиет;
- 5) сауат ашу негіздері;
- 6) қазақ тілі (оқыту басқа тілде жүргізілетін топтарда);
- 7) сенсорика;
- 8) математика негіздері;
- 9) құрастыру;
- 10) қоршаған ортамен таныстыру;
- 11) сурет салу;
- 12) мусіндеу;
- 13) жапсыру;
- 14) музика.

Стандарт талаптарына сәйкес әзірленген Үлгілік оқу жоспарларында балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес кіріктірілген ұйымдастырылған іс-әрекеттер берілді.

Ұйымдастырылған іс-әрекет - Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, соның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарга, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспенішілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлыш қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (оыйн, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын іс-әрекет.

Физикалық дамыту физикалық дені сау баланы тәрбиелеуді, өз денсаулығына саналы түрде қарауды, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сұру дағдыларын қалыптастыруды қарастырады.

«Дене шынықтыру» ұйымдастырылған іс-әрекеті аптасына үш сағат білім беру ұйымының кестесіне сәйкес жүргізіледі.

Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді, ол қимыл белсенділігі, денешынықтыру-сауықтыру шаралары (таңертеңгі жаттығу, сергіту сәті, шынықтыру шаралары), мәдени-гигиеналық дағдылар, ойын әрекеті, дербес белсенді және т.б. әрекеттер арқылы күн тәртібіне сәйкес ұйымдастырылады.

Балалардың дene белсенділігін арттыру үшін қимылды ойындарға соның ішінде ұлттық қимылды ойындарға басымдық беру және балалардың дербес қимылды әрекетін таңертең, таңғы астан соң, серуен кездерінде, үйқыдан соң өткізу ұсынылады.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ауызекі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастыруды, өмірде әртүрлі жағдайлардағы қарым-қатынас дағдыларын менгертуді, қолдың ұсақ моторикасын және командада жұмыс істеу дағдыларын дамытуды қарастырады.

Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеттері аптасына екі сағаттан білім беру ұйымының кестесіне сәйкес жүргізіледі.

Балалардың сөйлеуін тек ұйымдастырылған іс-әрекеттерде ғана емес, күні бойы режимдік сәттерде, еркін ойын кезінде оларға түрлі сұрақтар қою (сұрақтарды қойғанда «иә» немесе «жоқ» деп жауап беретін жалпы сұрақтар немесе барлығы қосылып жауабын бірге айтуда арналған сұрақтар емес, әрбір бала жеке жауап бере алатындағы сұрақтар) арқылы, балаларды көбірек сөйлесуге, бір-бірімен қарым-қатынас жасауға, олармен кез-келген мәселе бойынша әңгімелесіп, олардың пікірін тыңдау және т.б. арқылы дамыту ұсынылады.

Мемлекеттік тілді менгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Улгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенде сөздікті байту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту ұсынылады.

Күн сайын балаларға кітаптарды оқып беру, балалардың оқылған, тыңдалған шығармалардан әсер алуына ықпал ету, балалардың жасына сәйкес тақпактарды, өлеңдерді жаттату, кітаптардағы иллюстрацияларды көрсету және оларға түсініктеме беру, балалардың ойларын тыңдау, балаларға қызықты кітаптарды тандау, ол үшін сыныпта балаларға арналған кітаптардан, сондай-ақ балаларға арналған аудио шығармалардан кітап бұрышын ұйымдастыру ұсынылады. Балалардың өз бетінше, балалармен бірлесіп кітаптарды қарауына,

тыңдалған шығармалардағы кейіпкерлердің әрекетін ойында қайталауға немесе ойдан кейіпкердің рөлін өзінше сомдауға және т.б. мүмкіндік беру маңызды.

Тиімді ұсыныс

- *кітап бұрышын жасау*
- *толықтыруға ата-аналарды тарту*
- *кітапты уақытша пайдалануға үйге беру*
- *букроссинг ұйымдастыру*
- *сыныпта ұйымдастырылған кітап бұрышын ата-аналардың балалармен бірге қолдануына жағдай жасау*

Балалардың мектепте оқуға дайындығын қамтамасыз ету үшін мектепалды даярлық сыныбында Саят ашу негіздері аптасына үш сағат өткізіледі.

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту тәрбиеленушілердің қоршаған әлеммен өзара қарым-қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын менгертуді қарастырады.

Мектепалды даярлық сыныптарында математика негіздері ұйымдастырылған іс-әрекеті аптасына үш сағат өткізіледі. Мектеп алды даярлық балалары үшін күн сайын танымдық, зерттеу әрекетін ұйымдастыруға болады. Мұнда математикалық ұфымдарды (заттардың түсі, көлемі, пішіні, саны, кеңістікте орналасуы және т.б.) бекіту үшін сәйкес сұрақтар қойып, балалардың жеке жауаптарын тыңдау, балалардың математика терминдерін қолданып жауап беруіне, заттарға өз бетінше зерттеу жүргізуіне игерген дағдыларын қолдануына мән беру ұсынылады.

Қоршаған ортамен танысу ұйымдастырылған іс-әрекеті аптасына екі сағат өткізіледі. Мұнда объектілер мен заттарды бақылау (тірі және өлі табиғат) зерттеу, материалдармен эксперимент жасау, педагогтің сәйкес ақпаратты оқып беруі, кітаптарды және иллюстрацияларды қаруа, әңгімелесу, қарым-қатынас, ойын, еңбек және басқа да әрекеттер арқылы іске асырылады. Мұнда балалардың заттарды қолмен ұстап, зерттеуі, олардың қасиеттеріне талдау жасауы, заттарды қолдануы, туындаған сұрақтарға жауап беруі, өз бетінше сұрақтардың жауабын іздеуі мен табуы, алынған дағдыларды ойында қолдана алуы маңызды.

Қоршаған ортамен танысу баланың «Мен» бейнесінің пайда болуына барынша ықпал етеді. Сол себепті отбасы, түрлі мамандықтар, ересектердің енбегі, туған жер, Отан, отан қорғаушылар туралы және т.б. түсініктер мен дағдыларын, патриоттық сезімін қалыптастыру үшін балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтары, отбасылық құндылықтар арқылы тәрбиелеуге басымдық беру көзделеді.

Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру аптасына бір сағат жүргізіледі, ал шығармашылық бейнелеу іс-әрекеті күн сайын балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, ұйымдастырылады және мұнда бірнеше іс-әрекет түрі қатар

жүруі мүмкін немесе көпшілігінің қалауы бойынша барлығы бір іс-әрекет түрімен айналысына болады.

Балалар айналадағы болып жатқан оқиғаларды ой елегінен өткізіп, тәжірибе жинақтауы және дағдыларды игеруі үшін олардың қиялын дамыту, шығармашылық қабілеттерін ашу ұсынылады, ол үшін балаларға жұмыс жасауға дайын үлгі беруді жиі қолданбау, бейнелеу құралдарын қолданып, бейнелерді, құрастыруларды өзбетінше жасауға ынталандыру, оларға еркіндік беру, тапсырманы шығармашылықпен орындауға баулу.

«Музыка» ұйымдастырылған іс-әрекеті мектепалды даярлық сыныптарында аптасына екі рет білім беру ұйымының сабак кестесіне сәйкес жүргізіледі.

Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы музыканы тыңдау, ән айту, әндерді жаттату, импровизация, ырғакты-музыкалық қимылдар, балалар музыка аспаптарында ойнау және басқа да музыкалық әрекеттерге уақыт бөлінеді.



Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес жалпы білім беретін мектептердің мектепалды даярлық сыныптарында оқу - тәрбиелеу процесі 1 қыркүйектен бастап 25 мамырға дейін жүзеге асрылады (Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасының мазмұнын менгеру кезеңі).

Мектепке дейінгі даярлық сыныптары үшін каникул күндері мектептердің ішкі тәртіп ережелеріне сәйкес белгіленеді (КР БFM №595 бұйрығы).

Тәрбиелеу-білім беру процесі:

- перспективалық жоспарға;
- тәрбиеленушілер жетістіктерінің мониторингіне (аралық, қорытынды) сәйкес жүзеге асрылады.

Перспективалық жоспар – әрбір айға білім беру ұйымының кестесіне сәйкес Ұлгілік оқу жоспарында айқындалған ұйымдастырылған іс-әрекеттері бойынша тәрбиешімен, денешынықтыру нұсқаушысымен, қазақ тілі мұғалімі және музыка жетекшісімен құрылады. Перспективалық жоспарда ұйымдастырылған іс-әрекеттердің тақырыбы мен Ұлгілік оқу бағдарламасы мазмұнына сәйкес міндеттері айқындалады. Ұйымдастырылған іс-әрекеттерінің ұзақтығы 25-30 минутты құрайды.

Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес топтардың толықтырылуы:

1) мектепалды даярлық тобы (сыныбы) (5 жастан бастап) - 25 баладан артық емес.

«Педагог мәртебесі туралы» КР Заңының 8-бабының нормасына сәйкес мектептердің, лицейлердің, гимназиялардың мектепалды сыныптарында кесіптік қызметін жүзеге асyrатын педагогтердің айлық жалақысын есептеу үшін аптасына нормативтік оқу жүктемесі 24 сағатты құрайды.

Осы жүктемеге сәйкес педагог келесі функцияларды атқарады:

- ✓ перспективалық жоспарды және циклограмманы (балалардың мектепалды сыныбында болатын мерзімге) құрастырады;
- ✓ ұйымдастырылған іс-әрекеттерді өткізеді;
- ✓ таңертенгі қабылдау, таңертенгі гимнастика, балалар әрекетінің түрлері (оыйн, шығармашылық, танымдық, эксперименттік, дербес және т. б.), серуен, жеке жұмыс ұйымдастырады;
- ✓ балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг (бастапқы, аралық және қорытынды) жүргізеді;
- ✓ ата-аналармен жұмыс жүргізеді;
- ✓ білім беру ұйымдарында өткізілетін іс-шараларға қатысады; (жиналыстар, педагогикалық кенес, әдістемелік кенес, конкурстар және т. б.);
- ✓ ертеңгіліктерді, мерекелер мен оыйн-сауықтарды, спорттық іс-шараларды және т. б. ұйымдастырады және өткізеді.

Мектепалды даярлықтың негізгі міндеттерінің бірі – болашақ бірінші сынып оқушысының мектепте оқуға қажетті жеке қасиеттерін қалыптастыру болып табылады.

Осы міндетті іске асыру мақсатында жалпы білім беретін мектептер жанынан жазғы кезенде мектеп жасына жеткен, бірақ мектепке дейінгі ұйымдарға, оның ішінде мектепалды даярлық сыныптарына бармаған балалар үшін қысқа мерзімді (2 аптадан 1 айға дейін) мектепалды даярлық курстары өткізіледі.

Қысқа мерзімді курсарды ұйымдастырудың негізгі мақсаты – бастауды мектепте оқуға балалардың зияткерлік, мотивациялық, эмоционалдық-еріктік дайындығына ықпал ететін және мектеп жағдайларына табысты бейімделуін қамтамасыз ететін білім беру ортасын құру.

Курсардың мазмұны Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасының негізінде әзірленген (www.irrd.kz) және балалар әрекетінің түрлерін кіріктіру арқылы іске асырылады.

Курс балаларда мектепке психологиялық дайындықтың қажетті деңгейін қалыптастыруға, құрдастарымен және педагогтермен қарым-қатынас жасауға бағытталған белгілі бір логикаға құрылған өзара байланысты кіріктірілген сабактар жүйесін ұсынады. Әрекетті ұйымдастырудың негізгі түрі – ойын-сабактар. Барлық сабактар балаларға қызықты саяхат ретінде (мысалы, квест, логикалық ойындар, саяхат сабак т. б.) өткізіледі, олардың барысында бала оқу міндеттерін қолжетімді тәсілдермен шешуге үйренеді.

3. ЗАТТЫҚ-КЕҢІСТІКТІК ДАМЫТУШЫ ОРТАНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР



Заттық-кеңістіктік дамытушы орта – бұл баланың психикалық әл-ауқатының қауіпсіздігіне, оны дамыту мақсаттарына сәйкес кеңістікті ұйымдастыру және баланың өз бетінше үйрену қабілетін дамытуға оң ықпал ететін жабдықтар мен басқа да жарақтарды пайдалану.

Дамытушы орта балаға өз қабілеттерін пайдалануға, қызығушылықтары мен мүмкіндіктеріне сүйене отырып, өзін қызықтыратын ойын материалдарымен ойнауға мүмкіндік береді. Балалар әрекетін осындай тәсілмен ұйымдастыру нәтижеге бағытталған даму механизмін құрайды. Бала жоспарланған мақсатты жүзеге асыруға үмтүлады.

Дамытушы орта балалар мен ересектердің қарым-қатынасы мен бірлескен әрекетін, балалардың қимыл белсенділігін, сондай-ақ олардың оңаша болуына мүмкіндікті қамтамасыз етуі керек.

Дамытушы орта мыналарды:

- Үлгілік бағдарламаның міндеттерін іске асыруды;
- инклюзивті білім беруді ұйымдастыруда — оған қажетті жағдайлар жасауды;
- білім беру әрекеті жүзеге асырылатын ұлттық-мәдени, климаттық жағдайларды ескеруді;
- балалардың жас ерекшеліктерін ескеруді қамтамасыз етуі тиіс.

Заттық-кеңістіктік дамытушы ортаға қойылатын жалпы талаптар:

- қауіпсіз;
- қолжетімді;
- әртүрлі;
- мазмұнды;
- көп атқарымды;
- өзгермелі;
- тартымды.

Жас топтары бойынша заттық-кеңістіктік дамытушы ортаға қойылатын талаптар:

1) ерте жас тобында және кіші топта:

тәнімдік ойыншықтар, қарапайым пазлдар, зерттеушілік қызығушылығын белсендіретін қозғалмалы ойыншықтар, қимылды ойындарға қажетті құралдар, оның ішінде ірі және ұсақ моториканы дамытатын ойын құралдары, жұмсақ модульдер, қауіпсіз табиғи материалдардан жасалған ойыншықтар.

2) ортаңғы топта:

дамытушы ойыншықтар, құрастыруға арналған жинақтар, сурет салуға арналған құралдармен және соған лайық жайлы орындармен толықтыру, қол еңбегіне арналған құралдар мен ойыншықтар, театрландырылған ойынға

арналған жинақтар, қыршақтар, түрлі машиналар, танымдық қызығушылығын жетілдіруге арналған табиғи материалдар, шағын модельдер.

3) ересек және мектепалды даярлық топтарында (сыныптарында):

дамытушы модульдер, күрделі пазлдар, құрастырылатын ойыншықтар, сауат ашу, алғашқы математикалық ұйымдарды игеруге ықпал ететін әртүрлі материалдар, баспа әріптері, сөздер, кестелер, үлкен шрифті бар кітаптар, боямақтар, сандары бар оқулықтар, сандары мен әріптері бар үстел үсті ойындары, ребустар, оқу құралдары, балалар энциклопедиялары, ғаламшардың жануарлары мен өсімдіктер әлемі, әртүрлі елдердің адамдарының өмірі туралы иллюстрацияланған басылымдар, балалар журналдары, альбомдар, суреттер мен карточкалар.


Сонымен қатар, көптеген импровизациялауға ынғайлы материалдардың болуы маңызды (арқан, қорап, сым, доңғалақтар, ленталар және т.б.). Олар ойын барысында балалардың әртүрлі креативті идеяларын іске асыруда, шығармашылық шешім қабылдаудың қолданылатын болады.

Сондай-ақ, балаларға ойын барысында бастама танытуға, өз қызығушылықтарына сәйкес әрекеттерді тандауға мүмкіндік беру үшін педагогтерге дамытушы ортаны жеткілікті және әртүрлі материалдармен байыту ұсынылады.

Мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды даярлық сынныптарында заттық-кеңістіктік ортаны ҚР БФМ 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығына сәйкес зоналар бойынша жараптандыру ұсынылады.

4. МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМ МЕН МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ СЫНЫБЫНЫҢ ПЕДАГОГІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

Мектепке дейінгі білім беру жүйесін жаңғырту жағдайында педагог мамандығының мәртебесін арттыру негізгі бағыттардың бірі болып табылады. Бұл бағыт дамыту Моделінде белгіленген.


Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамытудың жаңа моделіндегі педагогтер өз ұйымдарындағы өзгерістердің агенттері болуға тиіс. Ол үшін білім беру процесін ұйымдастырушыдан баланы дамыту мен оқыту процесінің фасилитаторы рөліне өз рөлін өзгерту қажеттілігі талап етіледі. Педагогтер үнемі оқып, зерттеу жүргізіп, балалардың даму процесін бақылап және қунделікті жұмысына рефлексия жасай отырып, өздерін балалар рөлінде, сондай – ақ педагогтер ретінде көруі тиіс. Педагогтің үнемі даму, балаларды тыңдай білу, сұрақтар қою, дәлелдер іздеу, оларды сынни түрғыдан талдау және шығармашылық эксперименттер жүргізу қабілеті маңызды.

Педагог сабактар мен режимдік сәттердің білім беру міндеттерін айқындауда тәсілдерді өзгертуі қажет: балаларға үйрету емес, дербес шешім

қабылдау үшін жағдай жасау, балаларға ойлануға, зерттеуге, салыстыруға және осы әрекеттерді бағдарлауға мүмкіндік беру ұсынылады.

Педагогтер үнемі өзін-өзі бағалау процесінде инновацияшыл және жауапты бола алады, сонымен қатар белгіленген құжаттаманы уақтылы және ұқыпты жүргізеді (1,2,3 қосымшалар). Балаларды тәрбиелеу және оқыту процесінде мектепке дейінгі ұйымның әрбір қызметкерінің рөлі маңызды, сондықтан ұйымның әр қызметкері қажетті біліктілік деңгейіне ие болуы тиіс.

Педагогтер мен басқа да қызметкерлер жұмысының негізгі қағидалары:

- оқытуудың кіріктірілген тәсілі;
- баланы толыққанды дамыту;
- ойын арқылы оқытуға баланы тарту;
- балаларға өз білімін құрастыруши ретінде қарым-қатынас жасау;
- маңызды өзара әрекет арқылы шынайы оқыту;
- инклюзивті білім беру кеңістігін құру;
- баланың жеке басын құрметтеу;
- баланы дамыту мақсатында күтім жасау.

Педагогтің құзыреттілігі:

- баланы дамыту мен оқытууды терең түсіну;
- баланың көзқарасын түсіну және қабылдай білуі;
- баланы мақтай білу, тыныштандыру, сұрақтар қоя білу және балаларды жақсы көру;
- көшбасшылық дағдылары;
- туындаған мәселелерді шешүге қабілеттілігі;
- сөздік қордың байлығы және балалардың ой-пікірін айту мүмкіндігі;
- өз тәжірибесіне үнемі рефлексия жасай білу және оны жетілдіру;
- эмоционалды интеллекттің жоғары деңгейі.



Мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы №514 бүйрығымен бекітілген, 2021 жылғы 25 мамырдағы № 232 бүйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың), орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының және спорттық жарыстардың тізбесіне енген «**Мектепке дейінгі ұйымның ұздік педагогі**» және «**Мектепке дейінгі ұйымның жыл әдіскері**» республикалық конкурстарына қатыса отырып, кәсіби педагогикалық қызметтегі өз жетістіктерін, балалармен өз жұмысының, ата-аналармен бірлескен жұмысының нәтижелерін көрсете алады.

Сонымен қатар, жыл бойы балаларға арналған келесі байқаулар өткізіледі:

1. «Шымырлық пен шеберлік күні» Наурыз мерекесіне орай балалардың түрлі әрекет түріне негізделген шығармашылық байқау.
2. «Әжем, анам және мен» аналар мерекесіне арналған отбасылық және ұлттық құндылықтарды дәріптеу байқауы.
3. «Мен зерттеушімін» республикалық мектеп жасына дейінгі балалар байқауы.
4. «Өнерлі бала» республикалық балалар шығармашылығы байқауы (би, ән айту, мәнерлеп оқу және басқа).
5. «Ана тілім - айбыным» Қазақстан халқының Тілдері күніне орай шығармашылық байқау.
6. «Ән шырқайық бәріміз» Республика күніне арналған патриоттық әндер байқауы.
7. «Қызыққа толы сәттер» жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру кезіндегі бейнебаян, фото-сюжеттер байқауы.
8. «Балаларға базарлық» кітап бұрышын ұйымдастыру байқауы.
9. «Әкем – аскар тауым» әкелердің тәрбие мектебін дәріптеу байқауы.

Осы байқаулардың ережелері Институттың www.irrd.kz сайтында орналастырылған.

5. МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІН ӘДІСТЕМЕЛІК ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесінің педагогтеріне кешенді әдіstemelіk қолдауды Балаларды ерте дамыту институтының (бұдан әрі - Институт) www.irrd.kz. порталы қамтамасыз етеді.

Сайтта:

- мектепке дейінгі білім беру жүйесін реттейтін нормативтік-құқықтық актілер (НҚА айдары);
- әдіstemelіk ұсынымдар, құралдар және т.б. (әдіstemelіk әзірлемелер айдары);
- Институттың жылдық жұмыс жоспары;
- республикалық конкурстарды өткізу туралы ережелер, сондай-ақ өткізілген іс-шаралардың қорытынды ақпараттары және т.б.

Сонымен қатар Орталықтың сайтында «Дана бала» республикалық ғылыми-ақпараттық журналы (әдіstemelіk материалдар айдары) орналастырылған, онда мектепке дейінгі ұйымдардың, оның ішінде мектепалды даярлық сыныптарының педагогтері тегін өз мақалаларын жариялай алады. Осы айдарда мақаланы рәсімдеуге қойылатын талаптар мен ережелермен танысуға болады. Сонымен қатар өткізілген вебинарлардың,

практикалық семинарлардың материалдары, бейнежазбалары педагогтер үшін сайтың «Жаңалықтар» айдарында орналастырылған.

Бұл портал қолжетімді, материал тегін жүктеледі.

Сонымен қатар, сайтта **Jivosait** айдары жұмыс істейді, онда Институт мамандары педагогикалық және ата-аналар қауымдастырының сұрақтарына жауап береді.

Мектепке дейінгі білім беру бойынша өзекті ақпараттар орналастыру үшін әлеуметтік желілерде (Facebook, Instagram, Telegram, WhatsApp) білім басқармалары мамандарының, мектепке дейінгі ұйымдардың әдіскерлері мен педагогтерінің чаты құрылған.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
20__ - 20__ оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)

Топ/сынып

Балалардың
жасы _____
Жоспардың құрылу кезеңі (айды, жылды көрсету) _____

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
	Дене шынықтыру	
	Сөйлеуді дамыту	
	Көркем әдебиет	
	Саят ашу негіздері	
	Қазақ тілі (оқыту басқа тілде жүргізілетін топтарда)	
	Сенсорика/ Математика негіздері	
	Қоршаған ортамен таныстыру	
	Құрастыру	
	Сурет салу	
	Мұсіндеу	
	Жапсыру	
	Музика	

Ескерту: перспективалық жоспарды тәрбиешілер, жас тобында жұмыс істейтін педагогтер (қазақ тілі мұғалімі, дене шынықтыру (жұзу) нұсқаушысы, музика жетекшісі) оқу жылы басталғанға дейін құрастырады.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)

Топ _____
Балалардың
жасы _____
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету) _____

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсен бі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау					
Ата-аналармен әнгімелесу, кеңес беру					
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, ұстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)					
Таңертенгі жаттығу					
Таңғы ас					
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық					
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет					
2- таңғы ас					
Серуенге дайындық					
Серуен					
Серуеннен оралу					
Тұсқі ас					
Күндізгі ұйқы					
Біргінде ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары					
Бесін ас					
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, ұстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)					
Балалармен жеке жұмыс					

Серуенге дайындық					
Серуен					
Серуеннен оралу					
Кешкі ас					
Балалардың дербес әрекеті (баяу қымылды ойындар, ұстел ұсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)					
Балалардың үйге қайтуы					

Ескерту: Ұйымдастырылған іс-әрекет күннің бірінші және екінші жартысына жоспарланады. Циклограмманы тәрбиеші жас тобында жұмыс істейтін педагогтермен (қазақ тілі мұғалімі, дене шынықтыру (жұзу) нұсқаушысы, музика жетекшісі) бірге құрастырады.

**20 __ - 20__ оку жылына арналған
Баланың жеке даму картасы**

Баланың Т.А.Ә.

Баланың тұған жылы, күні

Білім беру үйимы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)

Топ

Күзыреттіліктік ер	Бастапқы бақылау нәтижелері бойынша дамыту, түзету іс-шаралары (қазан - желтоқсан)	Аралық бақылау нәтижелері бойынша дамыту, түзету іс-шаралары (ақпан - сәуір)	Корытынды бақылау нәтижелері бойынша дамыту, түзету іс-шаралары (маусым- тамыз)	Корытынды (баланың даму деңгейі сәйкес келеді : III деңгей - «жоғары»; II деңгей – «орташа»; I деңгей - «төмен»)
Физикалық қасиеттері				
Коммуникативтік дағдылары				
Танымдық және зияткерлік дағдылары				
Шығармашылық дағдыларының, зерттеу іс-әрекетінің дамуы				
Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру				

Ескерту: Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын балалардың менгеру нәтижесінің индикаторлары мен индикаторлардың түсініктемесі Мектеп жасына дейінгі балалардың жеке

және жас ерекшеліктерін ескере отырып, даму деңгейлерін бақылау бойынша әдістемелік ұсынымдарда берілген.

Алынған мәліметтер негізінде Баланың жеке даму картасы толтырылады.

Баланың жеке даму картасын толтыру кезінде педагог қажет болған жағдайда кестеге дамыту немесе түзету іс-шараларын енгізеді.

Тәрбиеші жеке картаны жас тобында жұмыс істейтін педагогтермен (қазақ тілі мұғалімі, дene шынықтыру (жұзу) нұсқаушысы, музика жетекшісі) және педагог-психологпен бірге толтырады.

